



**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары  
жөніндегі комитет**

(Комитет)

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 4,  
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,  
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,  
E-mail: hat\_senat@parlam.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 4,  
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,  
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,  
E-mail: hat\_senat@parlam.kz

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

от \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

**Көліктегі (автомобиль және теміржол) қозғалысты құқықтық реттеу  
және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бойынша отырыстың  
қорытындысы бойынша комитеттің  
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Астана қ.

2022 жылғы 13 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті (бұдан әрі - Комитет) отырыста мемлекеттік органдар өкілдерінің ақпаратын тыңдап, талқылағаннан кейін келесі қорытындыға келді.

Қазіргі жағдайда жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласы ұйымдық-құқықтық тетіктердің тиімділігінің жеткіліксіздігімен, жол жүрісіне қатысушылардың құқықтық мәдениетінің төмен деңгейімен және олардың жол жүрісіне қатысуды регламенттейтін құқықтық нормаларды бұзу жағдайларының жоғары болуымен және Қазақстан жолдарындағы апаттылықтың, өлім-жітімнің және жол-көлік жарақаттануының ұлғаюына ықпал ететін бірқатар өзге факторлармен сипатталады. Тұтастай алғанда, осы факторлардың барлығы адамдардың өлімімен және мертігуімен жол-көлік оқиғаларына, теріс әлеуметтік-экономикалық зардаптарға әкеп соқтыратын жол қозғалысы қауіпсіздігінің қанағаттанарлықсыз деңгейін туғызады.

Елде жыл сайын 13 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы орын алады, онда 2 мыңнан астам адам қаза тауып, 18 мыңнан астам адам түрлі дәрежедегі жарақаттар алады. Жыл басынан бері (10 айда) апаттылықтың барлық көрсеткіштері (ЖКО – 9%-ға (10 912-ден 11 861-ге дейін), қаза тапқандар –

12%-ға (1 813-тен 2 030-ға дейін), жарақат алғандар – 8%-ға (14 182-ден 15 349-ға дейін) өсті.

Соңғы 5 жылда теміржол көлігіндегі апаттардың 27 фактісі орын алды (2016 – 9, 2017 – 4, 2018 – 4, 2019 – 8, 2020 – 9, 2021 – 2).

Көлік прокуратурасы органдарының тексеруімен теміржол жолдарында 1,5 мыңнан астам ақаулар анықталды. Локомотив паркінің тозу деңгейі 70%-дан, жүк вагондары паркінің тозу деңгейі 44%-дан, электр пойыздарының тозу деңгейі 68%-дан асты. Тексеру барысында 380 жасанды құрылыстар (көпірлер, аралық құрылыстар мен туннельдер) қанағаттанарлықсыз жағдайда болды. Жолдарды диагностикалау құралдарының өткір тапшылығы байқалады. Тергеу нәтижелері теміржол апаттарының себептері ретінде осы факторлардың әсерін көрсетеді.

Сонымен қатар, жол қозғалысы өте тиімді жүзеге асырылуы мүмкін басқарылатын процесс болып табылады. Құқықтық реттеу, оларды реттеу және үйлестіру үшін қоғамдық қатынастарға мақсатты әсер ету нысаны бола отырып, жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөлдердің бірін атқарады. Жол қозғалысын басқарудың тиімділігі көбінесе осы саладағы жағымсыз құбылыстардың жағдайлары мен себептерін уақтылы анықтауға, оларды жоюдың ұйымдық-құқықтық әдістерінің тиімділігін барабар бағалауға және құқықтық нормалардың мазмұны қоғамдық қатынастарды дамыту қажеттіліктеріне қаншалықты жауап беретініне байланысты.

Комитет көліктегі (автомобиль және теміржол) қозғалысты құқықтық реттеу және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бойынша отырысты қорытындылай келе, осы саладағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған тиісті шараларды іске асыру мақсатында **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІНЕ ҰСЫНАДЫ:**

- қауіпсіз инфрақұрылымды, оның ішінде көп деңгейлі және реттелетін өткелдерді, тротуарларды, жарықтандыру мен қоршауларды құру арқылы жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

- ЖҚЕ бұзушылықтарын тіркеудің автоматты камераларын, оның ішінде қала сыртындағы (қалааралық) трассаларда кеңінен енгізуді, сондай-ақ автомобильдердің аударылып қалуын және фронтальды соқтығысуын болдырмау үшін тосқауыл және бөлу қоршауларын жайластыруды қамтамасыз ету;

- көп деңгейлі айырықтары, малөткелдері және жолөткелдері бар заманауи көп жолақты автомобиль жолдарының құрылысын дамытуға ықпал ету;

- көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, механикалық көлік құралдарын міндетті техникалық байқау жөніндегі ұйымдардың қызметін бақылаудың тиімділігін арттыру мәселесін қарау;

- көлік құралдарының жүргізушілерін сапасыз даярлау критерийлерін және ол үшін әкімшілік жауапкершілікті, сондай-ақ жүргізуді және жүргізушінің жасалған құқық бұзушылықтарын бағалау критерийлерін белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- автомобиль және темір жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді реттейтін, оның ішінде пайдалануға берілетін автомобиль жолдарының сапасын құқықтық бағалау жөніндегі, сондай-ақ жылжымалы құрамды, магистральдық жолдарды, теміржол көлігі объектілерін, жасанды құрылыстарды, кірме жолдарды пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізу;

- теміржол көлігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның темір жолдардағы оқиғаларды тергеу жөніндегі өкілеттіктерін кеңейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық шарттарға сәйкестігіне нормативтік құқықтық актілердің тұрақты мониторингін жүргізу.

Орындау бойынша ақпарат беру мерзімі 2023 жылғы 1 маусымға дейін.

**Комитет Төрағасы**

**В. ВОЛКОВ**